

## References

1. **Aldzhanov O.** Conversations on the upbringing of Kyrgyz children // Kyrgyz steppe newspaper. 1898. No. 13.
2. **Bibler Bed and . The C .** The holistic concept of the School of Dialogue of Cultures. Theoretical foundations of the program // Psychological science and education. 1996. No. 4.
3. **Bibler Bed and The C.** School of Dialogue of Cultures // Art in School. 1992.
4. **Bromley Yu.V.** Ethnicity and ethnography. M., 1979.
5. **Bromley Yu.V.,** Podolny R.G. Humanity is peoples. – M., 1992.
6. **Bukin I.** Physical and mental education among the Kyrgyz // Turkestanskije vedomosti. 1883, No. 13.
7. **Gutkin O.V.** The problem of correlation between the concepts of dialogue of cultures and dialogue in culture Human, dialogue, understanding. Saratov, 1996.
8. **Zhapanov K.** How do the Kyrgyz teach their children? // Kyrgyz steppe newspaper. 1895, No. 8;
9. **Zharikbaev K.** From the history of the development of pedagogical thought in pre-revolutionary Kazakhstan. 1978. 10. Zharikbaev K.B., Kaliev S.K. Anthology of the pedagogical thought of Kazakhstan / Compiled by – Almaty: Rauan, 1995. – P. 523.
11. **Kaliev S.K.** Folk pedagogy in Kazakh folklore. 1987.
12. **Krysko V.G.** Ethnopsychology and interethnic relations. M., 2002.
13. **Kukushin Bed and.C.,** Stolyarenko L.D. Ethnopedagogy and ethnopsychology. Rostov n / Don, 2000.
14. **Kunanbaeva K.** To the heights of knowledge. 1968.
15. **Kurmanbaev L.** Whom do the Kirghiz consider a good person // Kyrgyz steppe newspaper. 1894, no. 26; 16. Kushekov I. Teaching theory. 1976.
17. **Lemberg R.G.** Didactic sketches. 1960.
18. **Madii I.** Development of pedagogical thought in Kazakhstan in the Soviet period 1976.
19. **Mendikulov M.M.** Monuments of the Mangyshlak Peninsula and Western Ustyurt. Alma-Ata, 1956; 20. Mubinova Z.F. Pedagogy of ethnicity and tolerance: theory, practice, problems. Ufa, 2000.
21. **Salamatov N.** Education and training of children in the Kyrgyz // Russian school, 1913, no. 1.
22. **Seitaliev K.** Theory of education (1986).
23. Sitdykov A. Pedagogical ideas and educational activities of II Altynearin. 1968.
24. **Tazhibaev T.** Development of pedagogical thought in Kazakhstan in the 2nd half of the 19th century. 1962.
25. **V.A. Tipgkov** Essays on the theory and politics of ethnicity in Russia. M., 1997.
26. **Umanov G.** Pedagogical problems of the development of vocational education in Kazakhstan. 1968.
27. **Khrapchenkov G.** Scientific and pedagogical issues of public education in Kazakhstan. 1976.
28. **Shalabaev S.** Mangyshlak. Alma-Ata, 1973.
29. **Kazakh Soviet Encyclopedia.** Т. 7. // Monuments of Mangyshlak // Alma-Ata, 1976.S. 453-455.

ӘОЖ 88.53

### ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУЫ

*Каурова Б. К. – аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.*

*Аубакирова Н. К. – педагогика ғылымының магистранты, аға оқытушы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.*

*Рухани адамгершілік құндылықты басшылыққа ала отырып, бала өмірінде осы ертегінің берері мол екендігінде, болашағына деген мәнін еш уақытта жоғалтпайтынын, ғалымдардың өзі дәлелдеген. Осы ертегі терапиясына жол тартқан себебі де сол, жасөспірімнің тіпті ересек адамдардың өзі ертегі терапиясынан бас тартқаны емес. «Ертегі терапиясы – психотерапияның бір бағыты ғана емес, психологияның, педагогиканың, психотерапияның және әртүрлі мәдениет философияның көптеген жетістіктерінің синтезі болып келеді.*

*Түйінді сөздер: тәрбие, ертегі терапиясы.*

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне, оның адагершілік қасиеттерін дамытуға зор мән берген. Қазіргі жаһандану кезінде құндылықтар мен мінез-құлықты реттеуші нормалардың жылдам өзгеруі жас ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударуды қажет етеді. Себебі ұлттың бүгінгі де, болашағы да өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесімен тығыз бай-

ланысты. Олай болса, қазіргі жастардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың өзекті мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылықтарын қадірлейтін, бәсекеге қабілетті, өресі биік, мәдениетті, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

«Бала тәрбиесі – бұл ата-аналардың ерекше азаматтық борышы» деп Н.Ә.Назарбаев [1] айтқандай бала тәрбиесі қашанда халқымыздың маңызды міндеттердің бірі болып табылған. Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көздері – фольклор, ауыз әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, сонымен қатар туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламалардың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек» деген қағидасын әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағына ат салысатын жастар қалыптастыруға септігін тигізетін әлеуметтік-психологиялық сипаттағы «Әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің санатына ену», «Мәңгілік ел», «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» идеяларын айтуға болады [2].

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән тәрбиелік мәні зор өзінің бай тарихи мұрасын, салт-дәстүрін, рухани-адамгершілік тағылымдарын оқу-тәрбие үрдісіне қолдану арқылы өз елінің қамын ойлайтын ұлтжанды, елім дейтін ұрпақ қалыптастыруда әр түрлі технологиялар кеңінен пайдаланылады.

Солардың бірі – ертегі терапиясы. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен мінез-құлықтары, олардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленеді. Ж.Барласұлыертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: "Ертегі – рухани тәрбиенің қайнар көзі, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», – деп анықтама берген.

Ертегі терапиясының негізін салушылардың бірі Т.Д.Зинкевич: «Ертегі терапиясын рухани білім беретін, әлеуметтік тұрғыдан адамды жүзеге асыратын және адамның рухани табиғатын дамытатын, тәрбие жүйесі ретіндегі тәсілдер жиынтығы» деп анықтама берген [3]

Ертегі – баланы әлеуметтік-психологиялық тәрбиелеуге арналса, ертегі терапиясы – баланың психикалық әлеміне ықпал ете отырып, оның өзін-өзі тәрбиелеуіне, дүниеге деген көзқарасын, әлеуметтік бағдарын оңтайландыру тәсілі болып табылады.

Қазіргі кезде ертегі оқып беретін әжелердің аздығы, ата-аналар тарапынан балаларына рухани тәрбие беруге уақыттың жетіспеушілігі бір жағынан болса екіншіден ертегіні қызығушылықпен, шыдамдылықпен тыңдайтын бала жоқтың қасы. Олар ертегі тыңдағаннан гөрі ғаламторға кіріп батыс елдерінің мағынасыз мультфильмдерін көргенді анағұрлым ұнатады. Бірақ ғаламтордан қараған агрессивті мультфильмдердің бала психологиясына қаншалықты кері әсерін ойланып жатқан ересектер шамалы.

Жаһандану замандағы балаларға ертегіні құрғақтай оқып беру немесе мазмұнын айту өте аз. Үшінші мыңжылдықтың балаларымен ертегінің мәнін талдау, онымен бірге ізденіп, өмір сабақтарының жасырын мәнін ашу керек. Бұндай жағдайда ертегі баланы дайын өмірге апармайды, керісінше, ақиқат өмірде белсенді жасампаз болуға көмектеседі. Өмірде кездесетін қиындықтарды шешуде белсенділік таныту, батыл шешім қабылдау, сәтсіздік болашақтағы жетістіктің алғашқы қадамы екенін балалар ертегі терапиясы арқылы түсініп, өздерінің табиғи мүмкіндіктерін ашады, санасын оятып, әлеуметтік белсенділіктерін көтереді, рухани құндылықтарын байытады. Сөйтіп, ертегі терапиясы баланы өмірге дайындауға, шығармашылық қабілетің дамытуға, маңызды құндылықтарды реттеуге негіз болады.

Рухани-адамгершілік даму – үздіксіз үрдіс, ол бала кезінен басталады және адамдардың мінез – құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне бағытталған өмір бойы жалғасады. Бір қарағанда, бұл бірыңғай үздіксіз үрдісте қандай да бір кезеңдерді белгілеуге болмайды деп көрінуі мүмкін. Дегенмен, бұл мүмкін және орынды [4].

Өртүрлі жас кезеңінде адамгершілік даму әр түрлі деңгейде жүреді. Жеткіншек жасында балалар өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, құндылықтар жүйесін кеңейтуге, өмірге ересек адамша қарап, оның тылсым күштерін түсінуге тырысады. Осы кезде ертегі терапиясын қолдана отырып, үлкен өмірге аяқ басып келе жатқан жас адамға психологиялық қолдау көрсетудің маңызы зор.

Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева «ертегі терапиясы – психотерапияның бір бағыты ғана емес, психологияның, педагогиканың, психотерапияның және өртүрлі мәдениет философияның көптеген жетістіктерінің синтезі. Осыған байланысты ол ертегі терапияны төрт кезеңге бөлді.

1. халық ауыз әдебиеті;
2. ертегілер мен мифтерді жинау және зерттеу.
3. психотехникалық (түзету және тұлғаның дамуына себеп ретінде қолдану);
4. интегративті, «кешенді ертегі терапиясының концепциясын қалыптастырумен, ертегілерге

рухани көзқараспен қарау, ертегі терапиясы арқылы адами қасиеттерді тәрбиелеу технологиясы ретінде қабылдау.

Автор, ертегі терапиясын төмендегідей қызметтерін бөледі:

- емдеу (психотерапиялық – баланың ішкі потенциалдық мүмкіндіктерін ашу);
- мағына іздеу үдерісі (әлем, ақиқат туралы білімнің мағынасын кеңейту);
- шынайы өмірдегі және ертегідегі оқиғалар мен ережелердің арасындағы байланысты сезіну;

- мәселелік оқиғаларды объективтілеу;
- өзін-өзі тәрбиелеу және тұлғалық қасиеттерін жетілдіру.

Ертегі терапияның бір ұтымдылығы – баланың жас ерекшелігіне сәйкес тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің барлық қиындықтарды жеңе отырып, жақсы өмірге қол жеткізуі оларды әділдік, шындық, еркіндік ұғымын кеңейтеді.

Ертегі терапиясының қазіргі түсінігіндегі шынайы мақсаты тұлғаның психикалық және рухани-адамгершілік дамуына ықпал ету. Осыған байланысты, ертегі терапиясы психологиялық технология ретінде қарастырылады.

Ертегі терапиясы тұлғаның психологияның мәселелерін шешуге бағыттала отырып, диагностикалық қызмет атқарады. Осыған байланысты, ертегінің диагностикалық рөлін пайдалану арқылы баланың эмоционалдық-тұлғалық мәселелерін анықтауға және сол ертегінің көмегімен оларды түзетуге мүмкіндік береді [5].


Ю.А. Голубовтың жүргізген тәжірибелері жеткіншек жастағы балалардың адамгершілік-рухани құндылықтар жүйесін дамытуда ертегі терапиясы олардың психикасының терең қабаттарына, тұлғалық қасиеттері мен өмірлік құндылықтарына, эмоциялық әлемі мен қатынастар жүйесін түзетуге мүмкіндік берген [6].

Ертегі терапиясы кезінде клиент өзінің потенциалдық мүмкіндіктерін ашып, зерттеуге, өзінің ішкі ресурстарын анықтауға және дамытуға мүмкіндік беретін қауіпсіз орта жасайды. Теориялық талдауларға сүйене отырып, эмпирикалық жұмыстарды Қостанай қаласындағы №15 қазақ орта мектебінде жүргізілді. Зерттеу жұмысына 8 сыныпта оқитын 20 оқушы қатысты, жастары 13-14-те, 12 қыз, 8 ұл бала. Зерттеу жұмыстарына келесі психодиагностикалық әдістемелер қолданылды:

1. Өңгімелесу, бақылау
2. «Тұлғаның бағдар құндылықтары». (М.Рокич);
3. «Тұлғаның бағыттылығы» (Б.Басса);
4. Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық өңдеу.

Қалыптастыру экспериментінде Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Путь к волшебству. Теория и практика сказкотерапии. «Златоуст», 1998. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Практикум по сказкотерапии / Т. Д. Зинкевич-Евстигнеева. – Санкт-Петербург: Речь, 2011. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Волшебный источник. Теория и практика сказкотерапии: опыт диагностики и психокоррекции. Санкт-Петербург: Речь, 2017. еңбектері пайдаланылды.


Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде респонденттерден келесідей нәтиже алынды. Алғашқы М.Рокичтің «Тұлғаның құндылық бағдары» әдістемесі бойынша әр шкала бойынша динамикалық өзгерістер анықталды. «Өзін-өзі дамыту», «Қызықты өмір», «белсенділік», «Еркіндік» шкалалары бойынша тәжірибеден кейін жоғары көрсеткіштерге ие болды. Оны төмендегі суреттен көруге болады.



Сурет 1. М.Рокичтің «Тұлғаның құндылықтар бағдары» әдістемесінің нәтижелері

Олай болса, ертегі терапиясын қолдана отырып жүргізген тәжірибе жұмыстары зерттеу жұмысына қатысқан респонденттердің рухани-адамгершілік деңгейіне тиімді әсер етіп олардың өзін-өзі тану, дамыту, тұлғалық қасиеттерін жетілдіру, қызықты және белсенді өмір сүруге деген қызығушылықтарын жоғарылатты, қиындықтарды жеңу, еркін өмір сүруге ынталандырды.

Екінші қолданылған Б.Бассаның «Тұлғаның бағыттылығы әдістемесі». Әдістеме «Өзіне», «Қарым-қатынасқа», «Іс-әрекетке» бағыттылығын анықтайды.



Сурет 2. «Тұлғаның бағыттылығы» әдістемесінің нәтижелері

2 суреттен тәжірибеден кейін үш шкала бойынша динамикалы өзгерісті көріп отырмыз. Олай болса, қолданылған ертегі терапиясы респонденттердің «өзіне», яғни ішкі мүмкіндіктерін ашуға, өзінің тұлғалық ресурстарын анықтауға, конструктивті қарым-қатынас жасауға және конструктивті іс-әрекетпен айналысуға деген қызығушылықтарын дамытты.

Қорыта айтқанда, ертегі терапия технологиясын қолдана отырып жүргізілген диагностикалық және тәжірибелік жұмыстар өзінің тиімділігін анықтады, зерттеу жұмыстарына қатысқан респонденттердің адамгершілік-рухани құндылықтар жүйесінде тиімді динамикалық өзгерістер анықталып, болжамымыз дәлелденді.

Жалпы, ертегілерде кейіпкерлер қандай да бір сынақтарды бастан кешіреді, кейде жағдаят әділдікпен шешіліп, баланы қуаныш сезімі билеп, сол кейіпкерге ұқсауға тырысу, батылдық, жауапкершілік, ерік жігер сапаларын дамытуға негіз берсе, кей ертегілерде бас кейіпкер сәтсіздікке кездеседі. Тренингке қатысушылар бұл жағдайларды ертегілердің кейіпкерлерімен бірге бастан кешіреді, өмір тәжірибесінде кейіпкердің қателіктерін қайталамау, іштей талдап, оны басқа жолмен шешу жолдарын қарастырады. Сөйтіп әлеуметтік-психологиялық тәжірибе жинақтауға, қисынды ойланып барып әрекет жасауға машықтайды. Ертегі арқылы жеткіншектер қандай да бір мінез-құлық моделін қабылдау арқылы жаңа тәжірибе жинайды, өздерін танып, тәрбиелеу, жетілдіру жұмыстарымен айналысады. Ертегі арқылы сыртқы әлемнің ішкі үлгілерін құрастырады, қиын жағдайларды шешу үшін белгілі бір тұлғалық қасиеттерге ие болады, өйткені ертегілерде жақсы мен жамандық бетпе-бет келеді. Ертегі арқылы жеткіншектер психоэмоционалды стрессті жеңеді. Әлеуметтік-психологиялық жағдаяттар кезектілік, жүйелілік принцинде қайтадаланып – алдымен шиеленіс дамиды, ішкі психикалық әрекеттер, содан кейін ол шарықтау шыңы мен релаксациясына жетеді. Ертегі терапиясының басты мақсаты – тұлғаның ішкі әлеміндегі негативті эмоциялар мен тәжірибелерді ертегі кейіпкерлері арқылы толғандырып, мазаландырып, оны іштен жеңіп, әлеуметтік-психологиялық тәжірибе жинату, келешекте аналогиялық жағдаяттарға психологиялық дайындықты қалыптастырып, оны байыпты, сабырлы қабылдап, оптимисті шешуге дағдыландырады.

Қазіргі кездегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, психологиялық шапшаң өзгеру кезінде жастардың психикалық денсаулығын сақтап, оларды әлеумет ортасындағы әр түрлі жағдаяттарға эмоционалды, толеранттылығын нығайтуға ертегі терапиясының тиімді ықпалы ғылыми-практикалық дәлелденген.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Н.Назарбаевтың ҚР Халқына Жолдауы** – Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. «Айқын» газеті, 2014. айқын.kz.
2. **Шаханов М.** «Тіл мен дін» журналы, №2, 2005.
3. **Зинкевич-Евстегнеева Т.Д.** Путь к волшебству. Теория и практика сказкотерапии. «Зла-

тоуст», 1998. С. 35-38.

4. **Слободчиков В. , Исаев Е.** Психология человека. Введение в психологию субъективности, 2013. С. -360

5. **Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева** Волшебный источник. Теория и практика сказкотерапии: опыт диагностики и психокоррекции. Санкт-Петербург: Речь, 2017. – 264 с.

6. **Голубова Ю.А.** Социально-культурные условия нравственного воспитания подростков средствами сказкотерапии. Тамбов: 2016. – 236 с.

ӨОЖ 371.12

## МЕКТЕПТЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ

**Изембаев Р. К.** – тарих пәнінің мұғалімі, тарих ғылымдарының магистрі, «Ю.А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ, Шет ауданы, Қарағанды облысы.

*Автордың ғылыми-зерттеу мақаласында, жалпы орта білім беру мектептерінде мұғалімдер арасында желілік кәсіби қоғамдастық ұйымдастырылған. Сонымен қатар мектептің даму жоспарын ұйымдастыру барысында, мұғалімдердің сабақ ұйымдастыруда және оқушылардың пәнге деген қызығушылық дағдыларын қалыптастырудағы біліктілік шеберліктерін жетілдірудегі іс-тәжірибелерін алмасудағы жұмыстары туралы баяндалады.*

*Түйінді сөздер: Желілік қауымдастық, мектептің даму жоспары, коучинг, тәлімгер, іс-тәжірибе, әдіс-тәсіл, стратегия, ментор, көшбасшы, құзіреттілік.*

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-модератор, сарапшы, зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Педагогтердің кәсіби қоғамдастығы бұл – жаңа әдіс-тәсілдері бар желілік іс-әрекет. Мамандандырылған желілік қоғамдастық арқылы барлық мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмаса алады. Желі арқылы шешілмей жатқан сұрақтарына жауап тауып, өздерінің мамандандырылған деңгейін көтере алады. Кәсіби қоғамдастық мектептердегі қиындықтарға көмектесе алады. Барлық ресурстар саласын біріктіреді.

Бұл қауымдастықтың мақсаты: негізінде жаңа іс-тәжірибелермен алмасу, бірін-бірі оқыту, бір-біріне психологиялық тұрғыда көмектеседі. Бұдан желілік қауымдастық әріптестердің бірлесіп жұмыс жасауына өте қажет екендігі айқындалды.

Өмірдің жалғастырушысы – ертеңгі болашағымыз, ел мен жердің иесі, болашақ мамандарды лайықты тәрбиелеп, сапалы білім беру әр мұғалімнің міндеті. Менің негізгі функциям мектеп өміріне өзгерістер енгізу. Алға қойған мақсатымды іске асыру үшін мен үнемі мұғалімдермен тығыз байланыста болып, коучингтер мен менторлық жұмыстарды ұйымдастыру.

Мектепті дамыту бағдарламасын және мектепаралық желілік қоғамдастықты жүзеге асыру үшін, шығармашылық топтағы мұғалімдерді ұйымдастырып, мектебімізде және көрші мектептерге барып бірнеше тақырыпта Дария ЖОББ мектебінде; «СТО стратегияларын оқыту барысында қолдану», Ақой ЖОББ мектебінде; «оқыту мен оқу үшін бағалау», Бұрма ЖОББ мектебінде; «Оқытудағы көшбасшылық», Жарық ЖОББ мектебінде «Диалогтік оқыту» коучингтер ұйымдастырдым. Бұл жұмыстардың соңында, мектепаралық «Мектепті дамыту бағытындағы интерактивті әдіс-тәсілдер» тақырыбында семинар ұйымдастырдық. Семинардың негізгі түйіні; оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу және мұғалімдердің тәжірибеде жүзеге асыру мақсатында кері байланыс орнату болатын. Нәтижесінде, мен мақсатыма жете отырып, келесі оқу жылына көрші мектептердің мұғалімдер тарапынан мектепаралық желілік қоғам құруға ықыластарын білдіре, белсенділік танытты. Біз желілік қоғамдастықты мектеп арасында ғана емес, жақын ауыл мектептері арасында және де бұл бағдарламалар мазмұнымен таныс емес мектептер арасында орнаттық.

Мектеп өмірінде мұғалімдер өткізілетін коучингтерге қатысады. Ой бөлісіп, өз тәжірибелері мен толғаныстарын еркін айта алады. Өз беттерінде білім, біліктерін көтеруді үйренді. Бұл жұмыстан мынадай нәтижелерді күтуге болады: Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының басында мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате пайымдаулар бар және бұларды қалай түзету дұрыс екенін білу үшін арнайы құралдарды пайдаланады. Осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеяларымен